

### ***Краткий агрометеорологический обзор за третью декаду сентября 2021 года***

В третьей декаде сентября на преобладающей территории основной зерносеющей зоны Казахстана по-прежнему отмечалось местами выпадение обильных осадков, что было малоблагоприятно для завершения уборочной кампании. Усиление ветра свыше 15 м/с на севере, западе и в центре страны в течение 1-4 дней могло привести к полеганию высокорослых посевов зерновых культур на необрунных участках и потере урожая. Отмечавшиеся заморозки до минус 2-6°С (местами до минус 9°С) в ночное время суток на преобладающей территории страны не были опасны для созревших с/х. культур.

Уборка урожая завершилась в Северо-Казахстанской, Акмолинской, Западно-Казахстанской и в Жамбылской областях, в остальных зерносеющих регионах завершается.

Состояние теплолюбивых культур (кукуруза, рис, сахарная свекла, соя, хлопчатник) хорошее. В окрестностях станции Шелек Алматинской области и станции Шымкент Туркестанской области приступили к уборке кукурузы. На наблюдаемых участках риса в окрестности станций Уштобе Алматинской области в конце декады приступили к уборочным работам. В окрестностях агропоста Сарыкемир Байзакского района и станции Асса Жамбылского района Жамбылской области на посевах свеклы отмечена фаза «закрытие междурядий» - «пожелтение листьев». На посевах свеклы в окрестности агропоста Кызылту и станций Талдыкорган Алматинской области отмечается фаза «пожелтение листьев».

В Восточно-Казахстанской области на наблюдаемых участках подсолнечника отмечена фаза «созревание» - «уборочная спелость», состояние растений повсеместно отличное и хорошее. В окрестности агропоста Березовка Глубоковского района, станций Зыряновск Алтайского района и Самарка Кокпектинского района приступили к уборке урожая подсолнечника.

На наблюдаемом участке вокруг станций Чкалово Северо-Казахстанской области состояние льна масличного хорошее. Фаза развития «полная желтая спелость». В окрестности станции Саумалколь Айыртауского района приступили к уборочным работам.

На наблюдаемых участках вокруг станций Жаланаш и Нарынкол Алматинской области в конце декады приступили к уборке урожая картофеля.

В Туркестанской области на наблюдаемых участках у хлопчатника отмечается фаза: «созревание сырца 1-й коробочки», состояние хлопчатника отличное и хорошее.

В садах с плодовыми культурами (яблоня, груша) на юге и юго-востоке страны отмечается в основном фаза развития «созревание плодов» - «начало вызревания», у малины – «расцветивание листьев», продолжается сбор урожая яблони, состояние культур отличное и хорошее.

В южных регионах республики повсеместно на посевах многолетних трав (люцерна, клевер) наблюдается фаза «отрастание после 2 и 3-го укоса. На наблюдаемых участках в Алматинской области состояние люцерны повсеместно хорошее и удовлетворительное, высота трав после укоса составляет от 7 до 26 см.

В Жамбылской области на наблюдаемых участках состояние трав люцерны в основном удовлетворительное. На наблюдаемых участках в Павлодарской области состояние трав житняка в основном хорошее, продолжается отрастание после 1-го укоса. Повсеместно отмечается стравливание трав житняка скотом.

В третьей декаде сентября температурный фон по территориям пастбищного животноводства был ниже, чем в предыдущей декаде. В течение прошедшей декады осадки на территории пастбищного животноводства отмечались везде. Наибольшее количество осадков отмечалось в Жаныбекском районе Западно - Казахстанской области (МС Джаныбек) 39 мм (557 % от ср.многол.). На остальной территории осадки были около или ниже среднемноголетних значений.

В истекшей декаде на всей территории пастбищного животноводства погода благоприятствовала выпасу скота. Подкармливание маточного поголовья и молодняка продолжается в Мангистауском и Бейнеуском районах Мангистауской области. Подвоз кормов в прошедшей декаде продолжался в Айтекебийском районе Актюбинской области, в Акжайкском, Казталовском районах Западно - Казахстанской области, Улытауском районе Карагандинской области, Мангистауском районе Мангистауской области. Продолжается уборка трав в Кызылкогинском и Курмангазинском районах Атырауской области, Акжайкском районе Западно - Казахстанской области. В прошедшей декаде в Мангистауском районе Мангистауской области около станции Кызан продолжают отмечаться случаи повреждения растений неблагоприятными метеорологическими явлениями и единичные случаи падежа животных. Процент повреждения составляет 50 %.

**2021 жылдың қыркүйек айының 3-ші онкүндігіне**  
**қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Қыркүйектің үшінші онкүндігінде Қазақстанның басты астық егілетін аймағының басым бөлігінде бұрынғысынша жауын-шашынның көп түсуі байқалып, бұл егін жинау науқанының аяқталуына қолайсыз болған. Еліміздің солтүстігінде, батысында және орталығында 1-4 күн ішінде желдің 15 м/с күшеюі жиналмаған дәнді дақылдар учаскелерінде биік егістердің жатып қалуына және егіннен айырылып қалуға әкелуі мүмкін еді. Еліміздің басым аумағында түнгі уақытта минус 2-6°С дейін (кей жерлерде минус 9°С дейін) байқалған үсік піскен а/ш дақылдары үшін қауіп тудырған жоқ.

Егін жинау жұмыстары Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында аяқталып, қалған астық егілетін өңірлерде аяқталуда.

Жылу сүйгіш дақылдардың (жүгері, күріш, қант қызылшасы, соя, мақта) жағдайы жақсы. Алматы облысы Шелек станциясы мен Түркістан облысы Шымкент станциясының маңайларында жүгері жинау жұмыстары басталды. Алматы облысының Үштөбе стансасының маңайындағы бақыланатын учаскелерде онкүндік соңында егін жинау жұмыстары басталды. Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Сарыкемір агропосты мен Асса станциясының маңында қызылша егістіктерінде «қатар аралығының жабылуы» - «жапырақтардың сарғаюы» фазасы байқалды. Алматы облысы Қызылту агропосты мен Талдықорған станцияларының маңайындағы қызылша егістіктерінде «жапырақтардың сарғаюы» фазасы байқалады.

Шығыс Қазақстан облысының күнбағыс бақыланатын учаскелерінде «пісу» - «егіндік пісуі» фазасы байқалған, өсімдіктердің жағдайы барлық жерде өте жақсы және жақсы. Глубокое ауданының Березовка агропосты, Алтай ауданының Зыряновск және Көкпекті ауданының Самарка станциялары маңайында күнбағыс өнімін жинауға кіріскен.

Солтүстік Қазақстан облысының Чкалово станциясының маңайындағы бақыланатын учаскелерде майлы зығырдың жағдайы жақсы. Даму фазасы - «толық сарыланып пісу». Айыртау ауданының Саумалкөл станциясының маңайында егін жинау жұмыстары басталған.

Алматы облысының Жалаңаш және Нарынқол станцияларының маңайындағы бақыланатын учаскелерде онкүндіктің соңында картоп өнімін жинауға кіріскен.

Түркістан облысындағы бақыланатын учаскелерде мақтаның «1-ші қауашағының пісуі» фазасы байқалған, мақтаның жағдайы өте жақсы және жақсы.

Елдің оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында жеміс дақылдары бақшаларында (алма, алмұрт ағаштары) көбінесе «жемістердің пісуі» - «пісудің басталуы», таңқурай «жапырақтарының гүлденуі» байқалды, алма жинау жалғасуда, дақылдардың жағдайы өте жақсы және жақсы.

Республиканың оңтүстік өңірлерінде барлық жерде көпжылдық шөптердің (жоңышқа, беде) егістіктерінде «2 және 3-ші шабудан кейін қайта өсу» фазасы байқалды. Алматы облысының бақыланатын учаскелерінде жоңышқаның жағдайы барлық жерде жақсы және қанағаттанарлық, шөп шабылғаннан кейін оның биіктігі 7 см-ден 26 см-ге дейін жеткен, Жамбыл облысының бақыланатын

учаскелерінде жоңышқа шөптерінің жағдайы көбінесе қанағаттанарлық. Павлодар облысының бақыланатын учаскелерінде еркекшөптің жағдайы көбінесе жақсы, 1-ші шабудан кейін қайта өсуі жалғасуда. Барлық жерлерде малдың шөпті таптауы байқалады.

Қыркүйектің үшінші онкүндігінде жайылымдық мал шаруашылығы аймақтары бойынша температуралық фон алдыңғы онкүндікке қарағанда төменірек болған. Өткен онкүндік ішінде мал шаруашылығы жайылымы аумағының барлық жерінде жауын-шашын болған. Жауын-шашынның ең көп мөлшері Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында (Жәнібек МС) 39 мм (көп жылдық жауын-шашыннан 557%) байқалған. Қалған аумақтарда жауын-шашын орташа көп жылдық мәнге жуық немесе одан төмен болған.

Өткен онкүндікте мал шаруашылығының барлық аумағында ауа райы мал жайылымына қолайлы болды. Маңғыстау облысының Маңғыстау және Бейнеу аудандарында төлдейтін аналық малды және төлдерді азықтандыру жалғасуда. Өткен онкүндікте азық жеткізу Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданында, Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Казталов аудандарында, Қарағанды облысының Ұлытау ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында жалғасты. Атырау облысының Қызылқоға және Құрманғазы аудандарында, Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында шөп жинау жалғасуда. Өткен онкүндікте Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданында Қызан станциясының маңайында қолайсыз метеорологиялық құбылыстардың салдарынан өсімдіктердің зақымдану жағдайлары және жануарлардың өлуінің бірлі-жарым жағдайлары жалғасқандығы байқалған. Зақымдану пайызы 50% құрайды.